

«САМРИТ» БАЛАЛАР ОҚУ-САУЫҚТЫРУ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Тұжырымдама «Campit» балалар оқу-сауықтыру орталығының қызметін ұйымдастырудың негізгі мақсаттарын, міндеттерін, мазмұнын және жұмыс бағыттарын айқындайды.

1.2. Оқу-сауықтыру орталығы балалардың демалысын, сауықтырылуын, қауіпсіздігін және жан-жақты дамуын қамтамасыз ету мақсатында ұйымдастырылады.

1.3. Оқу-сауықтыру орталығы қызметі Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілеріне, санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға, өрт қауіпсіздігі ережелеріне және мектептің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

1.4. Оқу-сауықтыру орталығы қызметі баланың жеке тұлғасын дамытуға, шығармашылық қабілеттерін ашуға, коммуникативтік және көшбасшылық дағдыларын қалыптастыруға бағытталады.

2. Оқу-сауықтыру орталығының жалпы идеясы

«САМРИТ» — жарқын жаз, даму және жаңалықтар мекені

«САМРИТ» — бұл демалысты, шығармашылықты, шытырман оқиғаларды, технологияларды, көшбасшылықты, шынайы қарым-қатынас пен командалық рухты біріктіретін оқу-сауықтыру орталығы.

Оқу-сауықтыру орталығы тұжырымдамасының негізгі идеясы:

«Әр бала талантты. Жаз сол талантты ашуға көмектеседі».

Орталық балаларға:

- жаңаны байқап көруге;
- тәжірибе арқылы үйренуге;
- soft skills дағдыларын дамытуға;
- өзіне сенімді болуға;
- достар табуға;
- қабілеттерін ашуға мүмкіндік береді.

3. Орталықтың миссиясы

Балалардың сапалы демалуына, қабілеттерін ашуына, қарым-қатынас жасауына, көшбасшылық қасиеттерін дамытуына, физикалық және эмоционалдық денсаулығын нығайтуына мүмкіндік беретін қауіпсіз, шабыттандыратын әрі дамытушы орта құру.

4. «САМРІТ» балалар оқу-сауықтыру орталығының құндылықтары

- Қауіпсіздік
- Құрмет
- Командалық рух
- Креативтілік
- Көшбасшылық
- Жауапкершілік
- Достық
- Өзін еркін көрсету
- Экологиялық сана

5. Орталықтың мақсаттары

Білім беру мақсаттары

- функционалдық сауаттылықты дамыту;
- коммуникация дағдыларын жетілдіру;
- ХХІ ғасыр дағдыларын қалыптастыру;
- сыни және креативті ойлауды дамыту.

Тәрбиелік мақсаттар

- көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыру;
- жауапкершілікті дамыту;
- ынтымақтастық мәдениетін тәрбиелеу;
- эмоционалдық интеллектіні дамыту.

Сауықтыру мақсаттары

- белсенді әрі қауіпсіз демалысты ұйымдастыру;
- физикалық және эмоционалдық денсаулықты нығайту;
- цифрлық жүктемені азайту.

6. Орталықтың міндеттері

- Балалардың қауіпсіз әрі мазмұнды демалысын ұйымдастыру.
- Салауатты өмір салтын насихаттау және денсаулықтарын нығайту.
- Танымдық, шығармашылық және зерттеушілік қабілеттерін дамыту.

- Коммуникативтік мәдениет пен командалық жұмыс дағдыларын қалыптастыру.
- Көшбасшылық қасиеттерді, жауапкершілікті және дербестікті дамыту.
- Ағылшын тілдік орта арқылы тілдік дағдыларды жетілдіру.
- Балалардың эмоционалдық саулығын қолдау және позитивті психологиялық орта қалыптастыру.

7. Орталық қызметінің негізгі қағидаттары

- баланың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- тұлғаға бағытталған тәсіл;
- инклюзивтілік және қолжетімділік;
- ынтымақтастық пен өзара құрмет;
- белсенді оқыту және тәжірибелік әрекет;
- шығармашылық пен бастамашылдықты қолдау;
- тәрбиелік және дамытушылық бағыттылық.

8. «САМРИТ» балаларды оқу-сауықтыру орталығының ерекшелігі

Негізгі идея:

Әр ауысым — жеке әлем және үлкен шытырман оқиға.

Балалар:

- зерттеуші,
- блогер,
- инженер,
- актер,
- көшбасшы,
- саяхатшы,
- жоба жасаушы рөлдерін байқап көреді.

9. Оқу-сауықтыру орталығының форматы

Параметр	Сипаттамасы
Форматы	Маусымдық оқу-сауықтыру орталығы
Жас ерекшелігі	6–15 жас
Ауысым ұзақтығы	10 күн
Жұмыс уақыты	08:00–22:00
Тілдік орта	Қазақ / орыс / ағылшын тілінің элементтері
Ұйымдастыру	Командалық жасақ жүйесі

10. Негізгі қызмет бағыттары

Шығармашылық бағыт

- art studio;
- би;
- музыкалық аспаптарда ойнау;
- шешендік өнер;
- қолөнер және дизайн.

Интеллектуалдық бағыт

- ғылыми тәжірибелер;
- роботехника;
- шахмат;
- quiz games;
- ағылшын тілін тәжірибе арқылы меңгеру;
- оқу сағаты
- speaking club.

Спорттық бағыт

- футбол;
- эстафеталар;
- ұлттық ойындар;
- волейбол;
- арқан саябағы;
- спорттық турнир;
- тимбилдинг.

Медиа және көшбасшылық

- school media;
- блогинг;
- командалық жобалар;
- көшбасшылық дағдыларын дамыту.

Экологиялық бағыт

- eco challenge;
- recycling;
- green projects
- тұрақты даму мақсаттары (SDGs) бағытындағы іс-шаралар.

11. Күн тәртібі

Уақыт

Белсенділік

08:00–08:30	Таңғы жаттығу немесе сергіту
-------------	------------------------------

Уақыт	Белсенділік
08:30–09:30	Таңғы ас
09:30–10:00	Жуыну
10:00–10:30	Таңғы жиын
10:30–12:00	Жобалар / үйірмелер
12:00–13:30	Түскі ас
13:30–14:00	Командалық ойындар
14:00–16:00	Тыныштық сағаты
16:00–16:30	Бесін ас
16:30–18:00	Ойындар / клубтар
18.00-19.00	Кешкі ас
19.00-20.30	Кешкі шара
20.30-21.00	Екінші кешкі ас
21.00-21.40	Дискотека
21.40-22.00	Ұйқыға дайындық

12. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету

- Орталықта балалардың өмірі мен денсаулығын қорғауға бағытталған барлық қауіпсіздік талаптары сақталады.
- Медициналық қызмет көрсету ұйымдастырылады.
- Өрт қауіпсіздігі, санитарлық-гигиеналық талаптар және еңбек қауіпсіздігі ережелері қатаң сақталады.
- Балаларға және қызметкерлерге қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулықтар жүргізіледі.

14. Кадрлық қамтамасыз ету

Орталық жұмысына:

- педагогтер;
- тәрбиешілер;
- тәлімгерлер;
- психолог;
- медицина қызметкері;
- қосымша білім беру мамандары тартылады.

15. Күтілетін нәтижелер

Балалар үшін:

- өзіне деген сенімділіктің артуы;
- жаңа дағдылардың қалыптасуы;
- таланттардың ашылуы;
- коммуникацияның дамуы;
- жағымды эмоционалдық тәжірибе.

Ата-аналар үшін:

- балалардың қауіпсіз әрі пайдалы демалысы;
- баланың қабілеттерінің дамуы;
- лагерь ұйымдастырушыларына деген сенім.

Мектеп/ұйым үшін:

- заманауи имидж қалыптастыру;
- қауымдастықты дамыту;
- «САМРИТ» брендінің танымалдылығын арттыру.

16. Тұжырымдаманың қорытынды идеясы

«САМРИТ» — жай ғана оқу-сауықтыру орталығы емес.

Бұл:

- достықтың,
- дамудың,
- шығармашылықтың,
- қозғалыстың,
- жаңалықтардың,
- өзіне сенімділіктің кеңістігі,

онда әр бала: «**Менің қолымнан келеді!**» деп сезіне алады.